



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ИНФРА-М, 1991. – 109 с., С.5-7.

5. Темиргалиев Б. Основы внешнеэкономической деятельности Республики Казахстан. – Изд. 2-е, переработанное и дополненное. – Алматы, 2003. – 504 с., С.32.

6. Сун Ли, Ву Хун Вэй. Развитие центральной Азии, доклад [М] – Пекин: Литература общественных наук, 2012. –171с.- на китайском языке (孙力, 吴宏伟. 中亚国家发展报告[M]. 北京: 社会科学文献出版社, 2012, 171).

7. Чен Юн Дзие. Неравномерность торговой структуры Казахстана и Китая, способы её оптимизации // Международный бизнес форум. – 2013. №14. –с.15-18 (на китайском языке). (程云洁. 中国与哈萨克斯坦贸易结构不平衡及优化对策[J]. 国际商务论坛2013 №14).

8. Внешняя торговля и совместное предпринимательство Республики Казахстан: статистический сборник / под. ред. А.А. Смаилова. – Алматы, 2000. – 164 с.

ӘОЖ 930.1 (038) «04»/ «14»

«МӘМЛҮКТЕР ДӘУІРІНДЕГІ ТАРИХИ ҰҒЫМДАРЫ СӨЗДІГІ» ТАРИХИ ДЕРЕК РЕТІНДЕ

Мұратбекқызы Меруерт

mervetta92@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,
6М020900 Шығыстану мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – филол. ғ. д. С.А. Төлеубаева

XIII ғ. ортасында араб елдерінің қоғамдық-саяси өмірінде бірқатар өзгерістер болды. Олай дейтініміз, 1258 жылы монғолдар Бағдат қаласын алып, Аббасилер халифатының іргесін шайқалтты. Оған қоса, батыстан бағытталған крестшілердің жойқын шабуылдары оң әсерін тигізе қоймады. Алайда монғол әскеріне төтеп беріп, крестшілердің бетін қайтарған мәмлүктер өздерін араб-мұсылман өркениетінің қорғаны ретінде танытты. Айтулы екі алып мемлекет Аббасилер халифаты мен Осман империясының арасын, араб мәдениетінің гүлдену кезеңі мен тоқырау кезеңінің арасын жалғастырушы көпір болды.

Жоғарыда айтқанымыздай, XIII ғ. бастап Мысыр мен Шам өлкесіндегі билік мәмлүктердің қолына өткен-ді. Олар ел басқаруда бірқатар әскери-әкімшілік реформалар жасады. Сәйкесінше, басқарушылар мен әскерилерге жаңа лауазымдар мен атақтар берілді. Оған қоса, салық жүйесі мен жер иеленуде өзгерістер енгізілді. Елде басқа қоғамдық-саяси өзгерістер орын алғандықтан, араб тілінің лексикасы жаңа атау-ұғымдармен толығыу заңды. Соның негізінде, білікті араб тарихшысы Мұхаммад Ахмад Духман (1899-1988 жж. өмір сүрген) осы кезеңдегі араб тілінің ахуалын зерттеп, «Мәмлүктер дәуіріндегі тарихи ұғымдары сөздігін» («معجم الألفاظ التاريخية في العصر المملوكي») құрастырған. Өкінішке орай, бұл еңбегі автор дүниеден озғаннан кейін, 1990 жылы Дамаск қаласындағы «Дәр аль-фикр» («دار الفكر») баспасында жарық көрген [1, 3-4].

Мұхаммад бен Ахмад бен Халед Духман (محمد بن أحمد بن خالد دهمان) 1899 жылы Дамаск қаласында дүниеге келген. Әкесі Ахмад Духман шейх өте білімді кісі болған деседі. Мұхаммад Духман өзі тарихшы, көне кітаптарды зерттеуші, сондай-ақ Дамаск қаласының танымал тұлғаларының бірі болып табылады. Көптеген ғұламалардың алдында дәріс алған. Солардың ішінде, Ибн Асакир ад-Димашқидің (ابن عساكر الدمشقي) «Дамаскінің үлкен тарихы» («تاريخ دمشق الكبير») атты кітабын зерттеумен аты шыққан тарихшы Абд аль-Қадир Будранның (عبد القادر بدران) тигізген әсері зор болған. Мұхаммад Духман ұстазының ізін жалғап, аталмыш кітаптың 10-томына талдау жасаған. Бұдан басқа, Мұхаммад бен Тулун ас-Салихи (طولون ابو محمد بن الصالح), Радун бен Мұхаммад ас-Саати (محمد بن رضوان الساعاتي), Абу Амр ад-Дани (ابو عمرو الداني), Ибн Қудам аль-Макдиси (ابن قدامة المقدسي) сияқты ғалымдардың еңбектерін талдап, зерттеумен айналысқан. Мұхаммад Духман, сөздіктен өзге, «Дамаскінің аландарында» («في رحاب دمشق»), «Ислам мәдениеті тарихы» («دراسات في الثقافة الإسلامية»), «Мәмлүктер дәуіріндегі

Дамаск билеушілері» («ولاية دمشق في عهد المماليك»), «Мәмлүктер мен Түрік османдары арасындағы шайқас» («العراك بين المماليك والعثمانيين الأتراك») сынды және басқа да көптеген тарихи кітаптардың авторы болып табылады. Тарихпен әуестенгені сонша, Дамаск қаласындағы кез келген ғимараттың тарихын айтып бере алатын болған. Тіпті Дамаск қаласындағы тарихи орындардың картасын («خريطة دقيقة للتعريف بمواقع الأبنية التاريخية») да жасаған екен. Мұхаммад Духман ғылыммен бірге ұстаздық қызметін қатар алып жүріпті. Өйткені «Кіші аль-Адилия» медресесінде («المدرسة العادلية الصغرى») ислам дәрістерін жүргізетін сыныптың негізін қалап, Ханбали мазхабы бойынша дәрістер ұйымдастырған. Сондай-ақ, оқушыларға зерттеу жұмыстарында бағдар көрсетіп, жетекшілік етіпті. Сонымен бірге, егіншілікті де кәсіп еткен көрінеді. Қас қарайғанша еңбек етіп, егіс алқабын өңдейді екен. Көз көргендер сондықтан оның денсаулығы мықты болып, ұзақ жасағанын айтады [2, 215].

Енді сөздіктің құрылымына келсек, онда мәмлүктер дәуірінде қолданыста болған ұғымдар қамтылған. Олардың кейбірі мәмлүктер дәуіріне дейін пайда болса, кейбірі Осман билігі тұсында да өз мәнін жоғалтпаған. Десе де, автор осы кезеңде қолданыста болған ұғымдарға түсініктеме бере отырып, оның шығу тегі мен мағынасына тоқталып кеткен. Оларды араб әліпбиінің реттік тәртібіне сәйкес орналастырған. Сөздік «әлиф» («باب الألف») әрпімен басталып, «йай» («باب الياء») әрпімен аяқталатын 26 бапқа бөлінген, 159 беттен тұрады. Әр бапта 20-50 шамасында сөздер берілген. Онда мәмлүктер дәуірінде қолданыста болған лауазымдар, тағамдар, киім-кешектер, әкімшілік бірліктер сипатталған. Мысалы, осы кезеңде мынадай жаңа әскери және әкімшілік атаулар мен лауазымдар тізбегі қалыптасқан:

- «Амир ас-силах» («أمير السلاح») – сұлтанның немесе әмірдің қаруына жауап беретін адам [1, 20].

- «Амир аль-мажлис» («أمير المجلس») – сұлтанның немесе әмірдің кеңесін басқаратын қызметкер [1, 22].

- «аль-Амир аль-муқаддам» («الأمير المقدم») – атабектен кейінгі лауазым [1, 22].

- «Амир ашара» («أمير عشرة») – мәмлүк әскерінде ондықты басқаратын әмір. Сондықтан оларды кіші уәлилер деп те атайды [1, 22].

- «Амир илм» («أمير علم») – сұлтанның бұйрығын немесе хабарландыруын жеткізуші қызметкер [1, 22].

- «аль-Имами» («الإمامي») – халифтің бір лақабы болған. Осы кезеңде ұлы ғалымға берілетін атаққа айналды. Ерекше құрметті білдіру мақсатымен соңына «йай» (ي) жалғанған [1, 22].

- «ат-Ташриф» («التشريف») – қазіргі кездегі «уисам» («وسام»), яғни орден.

- «аль-Жандария» («الجنارية») – сұлтан немесе әмірдің ізбасарлары мен жақтаушылары [1, 51].

- «Жауиш» («جاويش») – соғыс барысында хат тасушы. Қазақ тіліндегі «жаушы» сөзімен бірдей. Түркі тілінен енген сөздердің бірі болса керек [1, 51].

- «аль-Жумкудар» («الجمكدار») – сұлтанның диуанын басқарушы, әрі мәмлүктердің жалақысын таратушы [1, 54].

- «Хажиб аль-хужжаб» («حاجب الحجاب») – сұлтанның уиаяттарды басқаратын орынбасарларына берілетін лауазым [1, 59].

- «аль-Хубз» («الخبز») – жалақы мағынасында, көпше түрі «аль-ахбаз» («الأخباز»). Негізі араб тілінде «нан» деген сөз [1, 63; 3, 75].

- «Дәр ат-тарх» («دار الطرح») – мәмлүктер дәуірінде пайда болған сөздердің бірі, салық жинайтын мекемені білдіреді [1, 66].

- «ад-Дихлиз» («الدھليز») – сұлтан жорыққа немесе аңға шыққанда алып жүретін лашық. Бірақ қазірде үйдің кіреберісі ретінде қолданылады [1, 67]. Дәл осы мағынада қазақ тіліне «дәліз» болып кірген.

- «Рас нубат ан-нуаб» («رأس نوبة النوب») – сұлтанның төрт орынбасарына берілетін атақ. Олар барлық мәмлүктерден жоғары және басқалары олардың бұйрығын мүлтіксіз орындауы шарт [1, 81].

• «ад-Дабтия» («الضبطينية») – әскер қатарын түзеп, олар жүрген кезде шептің бұзылмауын қадағалап жүретін жауынгерлер [1, 98].

• «ат-Табур» («الطابور») – бір бірінің артына тізілген әскерлер шебі. Табур төрт топтан тұрады және оны «бакбаши» («بكباشي») басқарады [1, 117].

• «ат-Тамға» («الطمغا») – қоладан немесе ағаштан жасалған мөр. Ресми хаттарда, парактың төменгі жағына, қолдың жанына қойылатын. Түркі тілінде бұл сөз «таңба» деген мағына берген. Мысалы, Іле-Шу тауларының етегінде орналасқан Тамғалы тастың бекер осылай аталмаса керек [1, 118; 4].

• «ат-Туман» («الطومان») – 10 мыңдық әскерге қатысты айтылатын бірлік [1, 118]. Монғол әскерінде де 10 мыңдықты осылай атаған. Қытайдағы қазақтардың арасында бұл сөз әлі сақталған. Мысалы, 10 мыңдық ақшаны олар «түмен» дейді.

• «Кәтиб ас-сир» («كاتب السر») – сұлтанға келген хаттарды оқып, сұлтанның айтуымен оларға жауап жазатын қызметкер. Ол Сұлтанға ең бірінші кіріп, ең соңынан шығатын болған. Өйткені барлық жазбалар соның қолынан өтетін [1, 129].

Кез келген тарихи кезеңді зерттеу барысында қарапайым халықтың мәдениеті мен тұрмыстық өмірін сипаттау арқылы ғана сол дәуірге толыққанды сипаттама беруге болатыны белгілі. Өз кезегінде, халықтың мәдени және тұрмыстық ахуалы олардың тағамдары мен киім-кешектерінен көрініс табады десек қателеспейміз. Мысалы, сөздіктен осы кезеңде кең қолданылған «ат-туфта» («التفتا»), «аль-хитта» («الحطة»), «шаш» («الشحطة»), «аль-ғитаби» («العتابي») сияқты бірнеше мата түрлерінің атауларын табуға болады. Сондай-ақ, «аль-афауия» («الأفوية») және «аль-ақсима» («الأقساماء») сынды шарап түрлері берілген. Сөздікте кездескен басқа да сөздерді атап өтсек:

• «аль-Итк» («الإتک») – сұлтандар киетін аяқ киім түрі, – деп сипаттайды автор сөздікте. Бізше етік сөзімен дәлме-дәл [1, 11].

• «Бақшиш» («بقشيش») – қызмет көрсеткен жұмысшыға жалақысының үстінен берілетін ақша. Көпше түрі «бақашис» («بقاشيش»). Бұл сөз қазірге дейін осы мағынасында Мысырда қолданысқа ие.

• «аль-Хияса» («الحياصة») – жануардың бел тұсына ертоқымды бекіту үшін тағылатын белдік [1, 64].

• «аз-Зиркиш» («الزركش») – алтын жіппен тігілген киім атауы [1, 84].

• «ас-Садр» («الصدر») – сары мыстан жасалған үлкен табақ [1, 95].

• «ат-Тарха» («الطرحه») – киім түрі. Көбінесе, шафиғи және ханбали мазхабтарының қазылары киетін болған [1, 116].

• «аль-Қалбақ» («القلبك») – домалақ немесе цилиндр тәріздес бас киімнің түрі. Көпше түрі «аль-қалабиқ» («قلايق»). Матасы «аистраған» («استراغان») деп аталады. Қазақ тілінде де бас киімнің бір түрі «қалпақ» деп аталатынын білеміз [1, 124].

Тілдік тарихына үңілсек, сөздікте нақ араб түбірінен құралған сөздер ғана емес, парсы және түркі тілдерінен, сондай-ақ кейбір батыс тілдерінен енген сөздер кездеседі. Батыс тілдерінен енген кірме сөздердің қатарына төмендегі сөздерді жатқызуға болады:

• «аль-Бедрум» («البدرم») сөзі грек тілінен енген, жер астындағы қоймаға қатысты қолданылады [1, 32].

• «Батақ» («بطق») грек тіліндегі «батаркун» («بتاركون») деген сөздің арабша баламасы. Ол жазба хат деген мағынаны білдірген. Біртіндеп, «битақа» («بطاقة») деп айтылып кеткен. Қазірде «карточка», «жазба» деген мағынаны білдіреді [1, 35; 3, 60].

• «аль-Жляса» («الجلسة») деген сөзді мысалға келтіруге болады. Ол Жерорта теңізінде танымал болған соғыс кемелерінің бір түрі болып табылады [1, 53].

• «аль-Жумрук» («الجمرك») сөзі итальян тілінен кірген. Итальян тілінде «кумрук» («كمرك») деп айтылады. Ол елге кіретін немесе транзитпен өтетін тауарларға салынатын салықты жинайтын мекемені білдіреді. Қазір «аль-жумрук» сөзі араб тілінде «кеден» деген мағынада қолданылады [1, 56; 3, 88].

• «аш-Шартуния» («الشروطونية») грекше «аль-хартуния» («الخروطونية») деп айтылады. Бұл –

шіркеудегі дін қызметкерлерінің мансабы көтерілгенде төлейтін салық түрі [1, 99].

- «аль-Кляр» («الكَلار») үйдегі қойманы білдіреді, грек тілінен енген [1, 132].

Сөздікте түркі тілдерінен енген сөздер басым. Өйткені мәмлүктердің көбі атажұртынан ес білген шақта кеткендіктен, араб тілін жетік меңгермеген. Кейде сөздікке жүгінулеріне тура келген. Сұлтандардың қолдауымен сол заманда бірнеше араб-түркі тілдерінің сөздіктері жазылғаны белгілі. Атап айтсақ, 1245 ж. жазылған 2500 сөзден тұратын «Араб-түркі-монғол-парсы тілдерінің сөздігі» («ترجمان تركي وعربي ومغولي وفارسي»), Асир ад-Дин Абу Хайян аль-Андалусидің «Түрік тілінің түсіндірме кітабы» («كتاب الإدراك للسان الأتراك»), Жамал ад-дин Мұхаммад Абдуллах ат-Туркидің «Түрік және қыпшақ тілдерін үйренем деушілерге арналған кітабы» («كتاب بلغة المشتاق في لغة الترك والقباقي»), XIV ғ. жазылған «Түркі тілі туралы жазылған ерекше қасиет» («كتاب التحفة الزكية في اللغة التركية»), сондай-ақ XIV-XV ғғ. жазылған «Түркі тілін үйренушілерге арналған толық ережелер жинағы» («كتاب القوانين الكلية لضبط اللغة التركية») сияқты еңбектер бар. Соңғы жинақ грамматикаға арналған бөлім мен сөздіктен тұрады [5, 103]. Осыдан-ақ мәмлүктер дәуірінде түркі-қыпшақ тілінің араб тіліне ықпалы зор болғанын байқауға болады. Осы кезеңде араб тіліне сіңіп кеткен тегі түркі сөздер төмендегідей:

- «аль-Аски» («الأسكي») – түркі тіліндегі ескі деген сөз. Бұл сөзді Ескі Шам (أسكي شام) сияқты тіркестерде қолданған [1, 17].

- «аль-Ғуз» («الغز») – Иранға қоныс аударған көшпенді тайпа, түркілердің ішіндегі мұсылман емес тайпалары, бұл оқиға монғол-татар шапқыншылығына дейін болған, – делінеді сөздікте. Демек, «аль-ғуз» деген VII ғ. Дешті Қыпшақтан қоныс аударған «оғыз» тайпалары [1, 18].

- «аль-Аладжа» («الألاجة») – түрлі түсті дастархан немесе төсекжапқыш. Көбінесе, Анадолы мен Шам тұрғындары жасайтын болған. Біздің пайымдауымызша, бұл – қазақ тіліндегі «алаша» сөзі [1, 19].

- «аль-Алджи» («الألجي») немесе «аль-алши» («الألشي») – «елші» деген сөз, көпше түрі «аль-алджия» [1, 19].

- «Басм» («البصم») – түркі тіліндегі «басмақ» («باسماق») яғни «басу» деген сөзден шыққан. Сұлтандар қағаздарға қол қойғанда саусақтарын басатын болғандықтан, осындай ұғым пайда болған. Сондықтан қазір көшірмесін алу дегенді басқаша бір нұсқасын басу деп айтады. Сонымен бірге, «аль-кунафа аль-басма» («الكنافة البصمة») аталатын тағам қолмен басып жасалатындықтан, осындай атауға ие болған. Қазірде «басм» сөзі «саусақ іздері» деген мағынаны білдіреді [1, 35].

- «аль-Буғаз» («البوغاز») – түркі тіліндегі «бұғу» сөзінен шыққан. Аталмыш сөздің қолданыс аясын көрсету үшін Босфор бұғазы (بوغاز البسفور) мен Гибралтар бұғазы (بوغاز جبل الطارق) мысалға келтірілген [1, 40].

- «аль-Қаиик» («القايي») – түркі тілінде кішкентай кемеі білдіреді, – делінген сөздікте. Бұл қазақ тіліндегі қайық сөзі екеніне талас жоқ [1, 121].

Мәмлүктер дәуіріндегі тарихи ұғымдары сөздігі – мәмлүктер дәуірін зерттеуде өте құнды дереккөздердің бірі. Өйткені, Мұхаммад Духман сөздікті құрастыру барысында осы кезеңде өмір сүріп, тың туындылар қалдырған аль-Калькашанди (1418 ж. қайтыс болған), аль-Макризи (1442 ж. қайтыс болған) сынды танымал тарихшылардың еңбектерін және Ибн Манзурдың «Арабтардың тілі» («لسان العرب») – «Лисан аль-араб») сөздігін пайдаланған. Сонымен қатар, өзі осы кезеңге куә болған аймақта, осы кезеңнің дәстүрлері сіңісті болған ортада ер жеткендіктен, оның зерттеуі шынайы болуға тиісті. Сондықтан, біз осы еңбекті негізге ала отырып, мәмлүктер дәуірінің тарихи-мәдени көріністерін сипаттауға барынша күш салдық [6, 136].

Қолданылған әдебиет:

1. Мұхаммад Ахмад Духман. Мәмлүктер дәуіріндегі тарихи ұғымдары сөздігі (معجم الألفاظ التاريخية في العصر المملوكي). – Дамаск: Дәр аль-фикр, 1990, 159 б.

2. Мұхаммад Мутиғ аль-Хафиз. Дамаск ғұламаларының тарихы (تاريخ علماء دمشق). – Дамаск: Дәр аль-фикр аль-муғасир, 1986, 537 б.
3. Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. - Ташкент: «Камалак», 1994, 911 б.
4. http://www.madenimura.kz/kk/culture-legacy/region/almaty_oblast/memorial/tamgaly
5. Ахмад Мухтар аль-Ибади. Мысыр мен Шамда алғашқы Мәмлүк мемлекетінің құрылуы (قيام دولة المماليك الأولى في مصر والشام). – Бейрут: Дәр аль-Нахда, 1986, 241 б.
6. Гибб Г.А.Р. Арабская литература (перевод с английского А.Б. Халидов). – М.: ИВЛ, 1980, 186 б.

ӘОЖ 355.4 (520:574)

САМУРАЙЛАР МЕН СЕРІЛЕРДІ САЛЫСТЫРУ

Мұртбаев Әсет Қайратұлы

aset_mkg@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық қатынастар факультетінің
шығыстану мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор Б.Ж. Абжаппарова

Гибраттардан бастап Жапон аралдарына дейінгі кең байтақ кеңістіктегі еуразиялық қоғамдарында қалыптасқан әскери таптардың (түркі-моңғолдардың батырлары, арабтардың фаристері, адыгтердің уорктері, үнділіктердің раджуп және еуропалықтардың серілері) істерімен байланысты туындаған эпостық, тарихи еңбектерді қарастыратын болсақ, самурайлар табымен көптеген ұқсастықтар мен ортақ сипаттарды таба аламыз.

Әсіресе біздің теледидар және кино заманымызда самурайларды ұқсатып салыстыруға ойға бірінші келетін әскери сословие - серілер болып табылады.

Еуропалық рыцарьмен салыстырғанда самурай өзінің өзіндік экономикалық ұстанымы, өзгеше этикалық ілімі бусидо және діни көзқарастарымен ерекшеленді. Басқа жақтарын айтсақ батыс еуропалық жауынгерлікпен ұқсас ортақ белгілерге ие. Самурайлар еуропалық рыцарьлар тәрізді өз ақсүйектік үйден шыққан таңбалары бар, рыцарьлік кодесі мен қоғамда айрықша орын алып отырды. Қожайынға деген адалдық пен әскери істі өзінің басты міндеті деп санады [1].

Ортағасыр кезеңін ғалымдар мен тарихшылар әдетте V ғ. басы мен XVI ғ. аяғы деп белгілейді. Демек орта ғасырлар адамзат тарихында 1000 жылдан астам уақытты алады. Бұл тарихи дәуір біздің ой-санамызда “қараңғылық кезеңі” деген түсініктермен тығыз байланысып қалыптасқан. Ол қоғамдағы саяси және экономикалық өзгерістер мен ішкі өзара соғыстар, құл иеленушілік кезеңнің феодалдық құрылысқа ауысуы мен қатар басқа қоғам өміріне орасан әсерін тигізген тарихи құбылыстарға толы ауыр заман ретінде қарастырылады.

Самурайлар мен серілер – бұл екі түсінікті біз бұрыннан көптеген алуан-түрлі әдеби, тарихи шығармалармен танысу барысында кездестіргендіктен, ол жайлы хабарларымыз бар. Бәрінен бұрын айтылып кететіні, осы екі ортағасырлық қоғамның таптары біздің санамызда адамгершілік, батылдық, қаһармандық, адалдық сияқты өнегелік идеалдарды елестетеді

Серілер мен самурайлар уақыты өткенімен де, біздің жаңа технологиялыр мен озық, прогрессивті ойлау заманымызда да серілік этика мен самурайлардың абыройлық кодексі өздерінің өзектілігін жоғалтқан емес. Олардың жоғарғы мұраттары мен көзқарастары бүгінгі күнде де істердің дұрыстылығының өлшемдік үлгісі болып табылады.

Екі түсінікті салыстыра отырып біз Шығыс пен Батыс, Еуропа мен Азияның тарихына тереңірек қарап, самурайлар мен серілердің идеологиясын түсінуге тырысуымыз керек.

Сөздердің этимологиясына берілетін болсақ, серілер табы жалпыеуропалық игілік әр халықта өз мағынасына ие болды. Мысалы орыстар текті еуропалық жауынгерді “рыцарь”